

# Ежелгі мәдениеттер пен өркениеттер

## Жоспары:

1. Ежелгі дүние мәдениеттің тарихи - әлеуметтік даму негіздері. Шығыстағы ежелгі өркениеттер.
2. Ежелгі Египет мәдениеті.
3. Мәдениеттің Үнді - буддизм типті және мәдени - тарихи ескерткіштер.
4. Ежелгі Қытай мәдениеті.

# ШЫҒЫСТАҒЫ ЕЖЕЛГІ ӨРКЕНИЕТТЕР

# ЕЖЕЛГІ ЕГИПЕТ МӘДЕНИЕТІ



Egypt




Ертедегі Египетте, сол сияқты бүкіл ертедегі Шығыс әлемінде, діннің маңызы өте зор. Оларды үш түрге бөлуге болады: 1. Табиғаттың жандылығына деген сенім. 2. Құдайға және рухқа сену. 3. Денеден бөлек өмір сүретін, өлімнен кейін сақтталатын, ерекше тәнсіз бастамасы бар жанға сену (*анимизм*).

Ал енді бір тарихшылар ежелгі мифті дін деп қарастырмауды артығырақ көреді ондай дәрежеге жүйелендірілген мифтер жүйесі ғана жатады, деп есептейді. Ежелгі египеттік және ежелгі грек мифологияларын көпшілік жағдайда ежелгі мысыр және көне грек діндері деп санайды. Ал нағыз діндер тек қана жаратушы бір ғана Құдайға сенумен байланысты (*бір құдайға немесе көп құдайға сенушілік*) деушілер де баршылық.



Египет  
пирамидалары  
әлем  
кереметтерінің  
бірі болып  
табылады







ТАБИҒАТТЫҢ ЖАНДЫЛЫЛЫҒЫНА ДЕГЕН  
СЕНІМ - ФЕТИШИЗМ, ӨТЕ ҚАРАПАЙЫМ  
ЖОЛМЕН ҚҰДАЙЛАНДЫРҒАН КЕЙБІР  
СИҚЫРЛЫ ЗАТТАР МЕН (ТАСТАР,  
ТАЯҚТАР, ҚҰСТЫҢ ҚАУЫРСЫНДАРЫ,  
МҮЙІЗДЕР, ТІСТЕР, ОҚТАР, ГАРПУНДАР  
ЖӘНЕ Т.Б.) ҚАТАР, ТАБИҒАТҚА  
ТАБЫНУДЫҢ, ҰЗАҚ УАҚЫТТАР, ЕСКІНІҢ  
ЖҰРНАҒЫ ІСПЕТТЕС КӨНЕ  
ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДА САҚТАЛҒАН  
ДӨРЕКІ ТҮРІ ПАЙДА БОЛА БАСТАДЫ.  
БҰЛ КӨНЕ ТАБИҒАТҚА ТАБЫНУ БІРТЕ-  
БІРТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ДІННІҢ ЖАҢА  
ТҮРЛЕРІМЕН ЫМЫРЛАСЫП КЕТТІ.





Көне табиғат құдайлары патша өмірін және Мемлекетті қорғайтын құдайларға айналды. Соның ішінде ерекше кең жайылыс алған Осирис құдайына табыну болды. Қоршаған әлем бұл дүние мен о дүниеден тұрады, күн (Ра) өзінің нұрын екі дүниеге де бірдей шашады. Тіршіліктің мәңгілігін египеттіктер ағзаны сол күйін де сақтаумен байланыстырды (*ағзаны бальзамдау осыдан барып шықты*). Осирис патшалығында өлген адам, егер мәңгі және шаттық тіршілікте болғысы келсе, ол Осирис алдында ақталуы қажет болды. Бұл пәниде, египеттіктер, тіршіліктің нағыз үлгісі Ра - фараонға тәжім етті. Көне дәуір патшалығында, Египет аса үлкен орталықтандырылған мемлекет болып тұрған кезде де, фараонның билеп-түстеуі ешқандай шектелмеген. Фараонның өз басы, табиғат пен о дүниені қамтитын жалпы әлемге, универсумға аса маңызды болды. Бұл туралы айқын түсінікті пирамидалардан көруге болады. Бұлар египеттіктердің ел билеушіні (*фараонды*) құдайға теңейтіндігінің, жер бетіндегі ғұмырға қарағанда о дүниелік ғұмырды артық көретіндігінің айғақтары.

**МӘДЕНИЕТТІҢ  
ҮНДІ - БУДДИЗМ  
ТИПТІ ЖӘНЕ  
МӘДЕНИ - ТАРИХИ  
ЕСКЕРТКІШТЕР**



**INDIA**

Үнді – будда мәдениеті. Жер шарындағы қасиетті де, күдіретті мәдениеттердің бірі – Үнді мемлекетінде қалыптасып өркендеген үнді-будда мәдениеті. Үнді елінің ғасырлар бойғы мәдени дәстүрлері оның талантты халқының діни сана-сезімінің қалыптасып, дамуымен тығыз байланысты болды.



**БУДДА  
МУСІНІ**



Будда – будда дінінің негізін қалаған  
әулиенің лақап аты.

Шын есімі – Гаутама Сиддхартха.



## Ежелгі үнді өнері



Шива ғибадатханасы



Алтын стамбха ( 500 кг алтын)



# Каста



Брахмандар  
дінді  
уауыздаушылар,  
абыздар, асиетті  
кітапты оқып  
өйретушілер.  
Брахма өлді дайды  
сүйікті өлдары.



Жауынгерлер  
елді өорөушы,  
көзетші, төртіпті  
реттеуші топ.  
Жауынгердің  
балалары дөниеге  
жауынгер, өолбасы  
болып келеді.



Егіншілер  
Егін егумен, мал  
бауымен,  
өолөнершілік  
пен жөне сауда  
жасаумен өана  
айналысты



Шудралар  
Дөниемөлік  
жинаула,  
меншіктенуге,  
өолдайла  
өолрбандыө беріп,  
көмексөраула  
өалаысы жоу.

Үнді-будда мәдениетіне тән қасиет дін мен философияның өзара тығыз байланыста болып, ұштаса білуінде. Бұл туралы Гегель былай деп жазды: «Үнді мәдениеті — жоғары дамыған сан-салалы құдіретті мәдениет, бірақ олардың философиясы дінмен сабақтас, өзара тығыз байланыста болып келеді. Философия ғылымы айналысатын мәселелерді діннен де көптеп кездестіруге болады. Сондықтан да болар, ведалар — діннің ғана негізі емес, сонымен қатар философияның да негізі болып саналады»

# ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІ

# CHINA



Dalian

Beijing

Yan'an

Xi'an

Nanjing

Shanghai

Nanchang

Xishuangbanna  
Botanical Garden  
(Menglun)

Hong Kong

Қытайда өте ертеде иероглифтік жазу пайда болған. Қытай жазуы әлемдегі қиын және күрделі жазу. Соған қарамастан Қытайда б.з.б. I мыңжылдық тың бірінші жартысында-ақ кітаптар жазылған. Б.з. б. II ғасырда Қытайда қағаз пайда болды. Сөйтіп, әлемде бірінші рет қағазға жазу қалыптасты.



Б.з.б. 6 – 3 ғасырларда конфуцийшілдік, моизм, легизм мектептерінің қалыптасуы нәтижесінде Қытай философиясы пайда болды. Қытай халқы жаратылыстану және техникалық ғылымдарының дамуына елеулі үлес қосты. Көптеген маңызды ғылыми-техникалық жаңалықтар Қытайда басқа елдерден (соның ішінде Еуропа елдерінен де) бірнеше жүз жыл бұрын пайда болған (компас, сейсмоскоп, спидометр, қағаз, оқ-дәрі жасау, кітап шығару, тағы басқа).



Математика Қытайда Хань әулеті тұсында-ақ дами бастаған. Ең көне жұлдыздар каталогін (807 жұлдыз) б.з.б. 4 ғасырда Ши-Шэн құрастырған. Күннің тұтылуы туралы ең алғашқы мәлімет Қытайда б.з.б. 720 жылы жазылған. Б.з.б. 138 – 126 жылы Чжан Цяньның Орта Азияға саяхат жасауы қытайлықтардың елдің батыс жағындағы халықтарды зерттеуіне мүмкіндік туғызды және «Ұлы Жібек жолы» арқылы керуен жүргізіп, сауда жасауына жол ашты. Сун дәуірінде (960 – 1279) Қытай араб елдерімен, Кореямен, Үнді-қытаймен және оңтүстік аралдармен теңіз арқылы сауда жасауды күшейтті. Осыған байланысты Қытайда кеме жасау, теңіз қатынасы өрістей бастады. Медицина тарихы Қытайда 3000 жылға созылады. Медицинадағы ең көне кітап – «Нэйцзин» Қытай медицинасының дамуында үлкен рөл атқарды. Тұңғыш «фармакология» кітабы Қытайда жазылды. Инемен емдеу әдісі Қытай медицина әдебиетінде Сун дәуірі деректерінде кездеседі. Қытай дүние жүзінде бірінші болып селитраны оқ-дәрі жасауға пайдаланды.



**МАТЕМАТИКА**

# ҰЛЫ ҚЫТАЙ ҚОРҒАНЫ







Қытай мұнарасы: 7 ғасырда салынған

<b>X</b>							
<b>E</b>							
<b>O</b>							
<b>П</b>							
<b>С</b>							

**ПИРАМИДАСЫНЫҢ ҚОРҒАУШЫСЫ БОЛЫП  
ТАБЫЛАТЫН МҮСІН ҚАЙ ЕЛДЕ  
ОРНАЛАСҚАН?(ЕГИПЕТ)**

**3. ЕЖЕЛГІ МЫСЫРЛЫҚТАРДЫҢ СЕНІМІ  
БОЙЫНША ҚҰДІРЕТТІ ҚҰДАЙЛАРЫНЫҢ БІРІ  
"ӨЛІМ ҚҰДАЙЫ" КІМ БОЛЫП  
ТАБЫЛАДЫ?(ОСИРИС)**

**4. ЕЖЕЛГІ ЕГИПЕТТИҢ СӘУЛЕТ ӨНЕРІНІҢ БІРДЕН-  
БІР КЕРЕМЕТІ, ӘЛЕМНІҢ ЖЕТІ КЕРЕМЕТІНЕ  
КІРЕТІН СӘУЛЕТ ӨНЕРІНІҢ  
ШОҚТЫҒЫ:(ПИРАМИДА)**

**5. ЕГИПЕТТЕ АДАМ БЕЙНЕСІНЕ ҰҚСАС,  
АРЫСТАН ДЕНЕЛІ БОЛЫП КЕЛЕТІН, ҰЗЫНДЫҒЫ  
57 МЕТРГЕ ЖЕТЕТІН, ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚ  
ҚОРҚАТЫН ЕСКЕРТКІШ ҚАЛАЙ  
АТАЛАДЫ?(СФИНКС)**

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!**

*The End*